

ҚР ПБ МО ауруханасы
ШЖҚ РМК директорының
2023 жылғы 29 тамыздағы
№606 бұйрығымен
БЕКІТІЛДІ

«Қазақстан Республикасы Президентінің Іс басқармасы Медициналық орталығының ауруханасы» ШЖҚ РМК кәсіптік білім беру бөлімнің ережесі

1. Жалпы ережелер

1.1 «Қазақстан Республикасы Президентінің Іс Басқармасы Медициналық орталығының ауруханасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының (бұдан әрі – Аурухана) кәсіптік білім беру бөлімі (бұдан әрі – Бөлім) құрылымдық бөлімшесі болып табылады.

1.2 Бөлім Аурухана директорына, директордың стратегиялық даму, ғылым және білім жөніндегі орынбасарына бағынады.

1.3 Бөлімге басшылықты Бөлім бастығы жүзеге асырады.

1.4 Бөлім өз жұмысында Қазақстан Республикасының Конституциясын; денсаулық сақтау және медициналық білім беру саласындағы заңнама және нормативтік құқықтық актілер; Аурухана директорының бұйрықтары мен өкімдері, Аурухананың Жарғысы, осы Ережені басшылыққа алады.

1.5 Бөлім өз қызметін Аурухананың басқа құрылымдық бөлімшелерімен бірлесіп жүзеге асырады.

1.6 Бөлімнің құрылымы мен штаттық кестесін Аурухана директоры бекітеді.

2. Бөлімнің негізгі мақсаттары, міндеттері және функциялары

2.1 Бөлімнің негізгі мақсаты – Аурухана базасында білім беру қызметінің дамуын және Аурухана қызметкерлерінің үздіксіз кәсіби дамуын қамтамасыз ету.

2.2 Бөлімнің негізгі міндеттері:

1) Аурухана базасында қосымша, формалды емес білім беру және резидентураның білім беру бағдарламаларын (бұдан әрі - ББ);

2) Аурухананың базасында ББ енгізуді оку үдерісін әдістемелік қамтамасыз ету;

3) Аурухананың даму стратегиясын әзірлеуге қатысу.

2.3 Бөлімнің негізгі функциялары:

1) қосымша білім беруді (біліктілікті арттыру, сертификаттау курстары), формалды емес білім беруді (семинарлар, тренингтер, мастер-кластар, тағылымдамалар, вебинарлар, онлайн курстар) ұйымдастыру және Аурухана базасында резидентура бағдарламаларын жүзеге асыру;

2) бюджеттік және бюджеттен тыс қаражат есебінен Аурухана қызметкерлерінің біліктілігін үздіксіз арттыруды ұйымдастыру;

3) резидентура ББ жүзеге асыруға қатысатын Аурухананың клиникалық бөлімшелерінде оку процесінің барлық түрлерін ұйымдастыру, бақылау және реттеу;

4) мемлекеттік денсаулық сақтау және білім беру органдарымен, отандық және шетелдік ұйымдармен, сондай-ақ басқа да заңды тұлғалармен Аурухана қызметкерлерінің үздіксіз кәсіптік білімін арттыру мәселелері бойынша өзара іс-қимыл жасау;

5) Аурухананың профессорлық-оқытушылар мен резиденттердің академиялық ұтқырлығы мәселелері бойынша отандық және шетелдік білім және ғылым үйімдарымен байланыс орнату;

6) Аурухананың профессорлық-оқытушылар құрамының (бұдан әрі – ПОК) педагогикалық шеберлігін қалыптастыруға және арттыруға бағытталған іс-шараларды үйімдастыру;

7) Бөлімнің, Мейірбике ісі мектебінің, жылдық жұмыс жоспарларын, қосымша және формалды емес білім беру бағдарламаларын іске асырудың тақырыптық жоспарын қалыптастыру және олардың нәтижелерін талдау;

8) құзыреті шенберінде құрылымдық бөлімше қабылдаған және (немесе) әзірлеген ішкі нормативтік құжаттар (бұдан әрі - ІНҚ) базасын уақытылы өзектендіруді жүргізу;

9) құрылымдық бөлімше қабылдаған және (немесе) әзірлеген ІНҚ-ға құрылымдық бөлімшенің құзыреті шенберінде құқықтық мониторинг жүргізуді камтамасыз ету;

10) ІНҚ-ға құқықтық мониторингін талдау нәтижелері бойынша заң бөліміне тоқсан сайын (есептің айдан кейінгі айдың 10-на дейін) ақпарат жолдау;

11) Аурухана сайтында Бөлімнің қызметі туралы ақпаратты жариялау;

12) Қазақстан Республикасы Президенті Иса басқармасы, Қазақстан Республикасы Президенті Иса басқармасының Медициналық орталығы және Аурухананың оңірлік денсаулық сақтау басқармаларымен ынтымақтастық жөніндегі меморандум жасау шенберінде Бөлім оңірлердің медициналық үйімдары қызметкерлерін оқытуды (біліктілігін арттыру, тағылымдамалар, семинарлар, тренингтер, шеберлік сыншылары, вебинарлар, онлайн-курстар) үйімдастырады.

Ескерту. 2-тараудың 2.3-тармағы директордың 29.08.2023 жылғы №606 бүйрүгіна сәйкес 8), 9), 10) тармақшалармен толықтырылды.

3. Бөлім бастығы мен мамандарының құқықтары мен міндеттері

3.1 Бөлім бастығы:

1) Аурухананың құрылымдық бөлімшелерінің басшыларымен өзара іс-қимылды жүзеге асыруға, өзінің лауазымдық міндеттерін орындау үшін қажетті ақпарат пен құжаттарды алуға;

2) Бөлім қызметінің мәселелеріне байланысты Аурухана басшылығының тапсырмасы бойынша сыртқы үйімдарда Аурухана атынан өкілдік етуге;

3) құзыреті шегінде құжаттарға қол қоюға және бұрыштама қоюға;

4) Қазақстан Республикасының заңнамасында және Бөлім бастығының лауазымдық нұсқаулығында көзделген өзге де құқықтарға ие болуға құқылы.

3.2 Бөлім бастығы:

1) Бөлімнің қызметіне басшылық жасауға;

2) Аурухана директорының және Аурухана директоры орынбасарларының бүйрүқтары мен тапсырмаларын орындауға;

3) Бөлімнің мамандарының кәсіби деңгейін арттыруға ықпал ету;

4) Қазақстан Республикасының заңнамасында және бөлім бастығының лауазымдық нұсқаулығында көзделген өзге де міндеттерді орындауға міндетті.

3.3 Бөлім маманы:

1) осы бөлімшелердің құзыретіне кіретін мәселелер бойынша Аурухананың құрылымдық бөлімшелерінен ақпарат сұратуға және алуға;

2) Аурухананың ПОҚ консультациялық және әдістемелік көмек көрсетуге;

3) резидентура ББ, қосымша және бейресми білім беруді іске асыру кезінде оку-
әдістемелік құжаттаманы әзірлеуге қатысуға;

4) Қазақстан Республикасының заңнамасында және бөлім маманының (жетекші
маманның, бас маманың) лауазымдық нұсқаулығында көзделген өзге де құқықтарға
құқылы.

3.4 Бөлім маманы:

1) Осы Ережеде, сондай-ақ Аурухананың өзге де ішкі актілерінде жүктелген
функциялар мен міндеттерді сапалы және уақытылы орындауға;

2) өз қызметінің барлық аспектілері бойынша талдамалық, анықтамалық және
есепті материалдарды уақытылы ұсынуға;

3) номенклатурага сәйкес құжаттарды есепке алу және сақтау үшін жауапты
болуға;

4) Қазақстан Республикасының заңнамасында және бөлім маманының (жетекші
маманның; бас маманың) лауазымдық нұсқаулығында көзделген өзге де міндеттерді
орындауға міндетті.

4. Қорытынды ережелер

4.1 Осы Ереже Аурухананың Ғылыми-клиникалық кенесінің (бұдан әрі – FKK)
шешімі негізінде директордың бұйрығымен бекітіледі.

4.2 Осы Ережеге өзгертулер мен толықтырулар FKK шешімімен енгізіледі және
Аурухана директорының тиісті бұйрығымен бекітіледі.

**Директордың стратегиялық даму,
ғылым және білім жөніндегі орынбасары**

Н. Шаназаров

Заң бөлімінің бастығы

С. Төребаев

Адами ресурстарды басқару бөлімінің бастығы

С. Тұғымова

Кәсіби білім беру бөлімінің бастығы

Ф. Ержанова